1. Осы «Зейнетакы қорларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар беру» мемлекеттік қызмет Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар мен қысқартулар

колданылады:

- 1) білім белімі – «Қызылжар аудандық білім белімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) білім белімінің басшылығы – «Қызылжар аудандық білім белімі» мемлекеттік мекемесінің басшылығы;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы – лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттер жүктелген «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің маманы;

4) тұтынушы – жеke тұлға;

5) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы – құжаттар жинауды және оларды білім бөліміне тапсыруды жүзеге асыратын халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері;

6) ХҚКО инспекторы – тұтынушының өтініші мен құжаттарын қабылдауды жүзеге асыратын Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері;

7) ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы.

2. Жалпы ережелер

2. Осы мемлекеттік қызмет Регламент «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1-бабы 4-тар мағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – білім бөлімі), сонымен қатар осы Регламенттің 1, 2-қосымшаларына сәйкес тұтынушылардың мекенжайы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорын филиалының Қызылжар аудандық бөлімі - тұрғылықты орны бойынша ХҚКО-мен арқылы көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрі: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 128-бабы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген «Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар беру» мемлекеттік қызметінің стандарты негізінде көрсетіледі.

7. Тұтынушыға көрсетілетін мемлекеттік қызмет нәтижесі осы Регламенттің 3 және 4-қосымшаларына сәйкес зейнетақы жинағын алуға анықтама, кәмелетке толмаған балаларға тиесілі мүлікті ресімдеу үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне анықтама - келісім беру (бұдан әрі – анықтама) болып табылады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсете барысы туралы толық ақпарат осы Регламенттің 1 және 2-қосымшасында көрсетілген мекенжайлардағы білім бөлімі мен ХҚКО фойлерінде орналасқан стендтерінде, сондай-ақ білім бөлімінің kuzylzharoo@rambler.ru интернет–ресурсында орналастырылған.

9.ХҚКО және білім бөліміндегі мемлекеттік қызмет көрсете мерзімдері:

1) осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тұтынушы тапсырған сәттен мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі (құжаттарды қабылдау және тапсыру қүндері мемлекеттік қызмет көрсете мерзіміне кірмейді)

5 жұмыс күнін үшінде құрайды .

2) өтініш беруші жүгінген қуні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күту уақыты 30 минуттан аспауы тиіс;

3) өтініш беруші жүгінген қуні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің шекті уақыты 30 минуттан аспауы тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) білім бөліміне жүгінгенде – осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін тұтынушы тарапынан ұсынылмауы;

2) ХҚКО-на жүгінгенде - – білім бөліміне жүгінгенде осы Регламенттің 13-тармағында аталған құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, құжаттар пакетін алған соң бір жұмыс қуні ішінде оларды бас тарту себебінің жазба негіздемесімен ХҚКО-на қайтарады.

11. Тұтынушыға мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсыраңда барынша беріледі :

1) білім бөліміне жүгінгенде – тұтынушымен мемлекеттік қызмет алған қунінен тұратын барлық құжаттарды алғандығы туралы қолхат;

2) ХҚКО-на жүгінгенде - сәйкесінше құжаттар тапсырылғаны туралы қолхат:

1) сұрау салуды қабылдау нөмірі мен датасы;

2) сұралатын мемлекеттік қызмет түрі;

3) қоса берілген құжаттар саны мен атаулары;

4) құжаттарды беру датасы, уақыты және орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген.

Білім бөліміне жүгінген сәтте тұтынушыға көрсетілген қызметтің нәтижесін жеткізу мына түрде жүзеге асырылады: тұтынушы жеке жүгінгенде ғана анықтама беріледі .

Егер тұтынушы құжаттарын алуға мерзімінде жүгінбеген жағдайда, білім бөлімі қаралған құжаттар мен дайын анықтамаларды екі ай бойына сақтайды.

ХҚКО-на жүгінгенде – анықтама тұтынушы жеке жүгінгенде ғана беріледі.

12. Мемлекеттік қызмет алу үшін тұтынушыдан өтініш алған мерзімнен бастап және мемлекеттік қызмет нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет көрсету

кезеңдері :

білім бөлімі арқылы:

1) тұтынушы білім бөлімінің жауапты маманына анықтама беру жөнінде өтініш береді, білім бөлімінің жауапты маманы өтінішті тіркейді және мемлекеттік қызмет тұтынушыға құжатты алу датасынан тұратын мемлекеттік қызмет алу үшін барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді және құжаттарды білім бөлімі басшылығына қарауға тапсырады;

2) білім бөлімінің басшылығы келіп түсken құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны белгілейді, бұрыштама салады және құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы келіп түсken құжаттарды қарап, зейнетақы жинақтарын алуға анықтама кәмелетке толмаған балаларға тиесілі мүлікке қатысты әрекеттерді жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне анықтама – келісім немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды, оны басшылыққа қол

қоюға

жолдаиды;

4) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжатқа қол қояды;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және тұтынушыға береді.

XҚКО арқылы:

тұтынушы XҚКО-на анықтама беру туралы өтініш береді;

1) XҚCO-ң инспекторы өтінішті тіркейді, тұтынушыға сәйкесінше құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді және құжаттарды XҚCO-ң жинақтау орталығының инспекторына тапсырады;

2) XҚCO-ң жинақтау орталығының инспекторы құжаттарды жинастырып, тізім құрады, құжаттарды білім бөліміне жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы алынған құжаттарды тіркейді және оларды білім бөлімінің басшылығына қарауға тапсырады;

4) білім бөлімінің басшылығы келіп түсken құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны анықтайды, бұрыштама салады және білім бөлімінің жауапты орындаушысына жібереді;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы анықтама алу үшін келіп түсken құжаттарын қарап, зейнетақы жинақтарын алуға анықтама, кәмелетке толмаған балаларға тиесілі мүлікке қатысты әрекет етуге Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне анықтама - келісім немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды, оны

білім бөлімінің басшылығына қол қою үшін жолдайды;

6) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжатқа қол қояды және жауапты маманға та п с ы р а д ы ;

7) білім бөлімінің жауапты маманы анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсетудің нәтижесін ХҚКО - на ж і б е р е д і ;

8) ХҚКО инспекторы тұтынушыға анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді;

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде іс-әрекеттер (өзара әрекеттесу) тәртібін сипаттау

13. Тұтынушы мемлекеттік қызмет алу үшін келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Регламенттің 5-қосымшасына сәйкес кәмелетке толмаған баланың ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың (қорғаншылар (қамқоршылар), патронат тәрбиешілер) өтініші;

2) ерлі-зайыптылардың немесе оларды алмастыратын адамдардың (қорғаншылар (қамқоршылар), патронат тәрбиешілер) жеке куәліктерінің тұпнұсқасы мен көшірмесі;

3) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі;

4) неке туралы куәлігінің тұпнұсқасы мен көшірмесі;

5) басқа да құжаттардың тұпнұсқалары мен көшірмелері (некені бұзу туралы, қайтыс болу туралы куәлік, бала некеден тыс туылған жағдайда № 4 нысан бойынша анықтама);

6) заң бойынша мұраға құқығы туралы куәлік (нотариустан);

7) егер анықтама ПМ Жол полициясы комитетінің аумақтық бөлімшелеріне қажет болған жағдайда, машинаға құжаттың (техпаспорт) тұпнұсқасы мен көшірмесі.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың тұпнұсқалары көшірмелерімен қоса беріледі, олар кейін тұтынушыға қайтарылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай құрылымдық - функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатыстырылады:

1) ХҚКО инспекторы;

2) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы;

3) білім бөлімінің жауапты маманы;

4) білім бөлімінің жауапты орындаушысы;

5) білім бөлімінің басшылығы.

15. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара

әрекетін мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураның) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 6-қосымшасында келтірілген.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті көрсететін сыйба осы Регламенттің 7-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызмет көрсететін лауазымдық тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысушылар (әрі қарай – лауазымды тұлғалар) білім бөлімі және ХҚКО-ның лауазымды тұлғалары мен басшылары мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

«Зейнетақы Ішкі істер аумақтық балаларға беру» 1-қосымша	қорларына, министрлігі бөлімшелеріне мұраны мемлекеттік	Қазақстан Жол кемелетке ресімдеу қызмет	Республикасы комитетінің толмаған анықтамалар регламентіне
---	---	---	--

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша білім бөлімі

Білім бөлімінің атауы	Заңды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы., Молодежный көшесі , 2	Күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00, демалыс күндері – сенбі және жексенбі	8-(71538)-2-11-63

«Зейнетақы Ішкі істер аумақтық балаларға беру» 2-қосымша	қорларына, министрлігі бөлімшелеріне мұраны мемлекеттік	Қазақстан Жол кемелетке ресімдеу қызмет	Республикасы комитетінің толмаған анықтамалар регламентіне
---	---	---	--

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

р/с №	Халыққа қызмет көрсету орталығының атавы	З а н д ы мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
1	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылжар аудандық филиалы	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы, Институт көшесі, 1в	Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 19.00 дейін, демалыс – жексенбі	8(71538)2-17-56

«Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы
 Ишкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің
 аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған
 балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар
 беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
 3-қосымша
 Жинақтаушы зейнетақы қорының атавы

«Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ _____ жылы туған, (өтініш берушінің Т.А.Ә.) (№_____ жеке куәлік _____ жылы _____ берген) _____ (жинақтаушы зейнетақы қорының атавы) зейнетақы жинақтарын салымшы _____ (Т.А.Ә.) қайтыс болуына байланысты (_____ жылғы _____ №_____ қайтыс болуы туралы куәлік) _____ жылғы заң бойынша нотариус берген (_____ жылы _____ №_____ берген мемлекеттік лицензия) мұрагерлікке құқығы туралы куәлікке сәйкес барлық тиесілі пайыздарымен бірге кәмелетке толмаған ұлына (қызына) _____ (баланың Т.А.Ә., туған жылды) қайта ресімдеуге рұқсат береді.

Қ ы з ы л ж а р а у д а н д ы қ б ілім

бөлімінің бастығы

қолы (аты-жөні)

«Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы
 Ишкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің
 аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған
 балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар
 беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
 4-қосымша

Қазақстан Республикасы
 «Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ

Қорғаншылық және қамқоршылық органдары функцияларын өзіне қамтитын «Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес, кәмелетке толмаған балалар мұддесіне әрекет ететін

көлік құралын _____ рұқсат береді.
К ы з ы л ж а р а у д а н д ы қ б і л і м
бөлімінің бастығы
қолы (аты-жөні)

М.О.

«Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің
аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған
балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар
беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
5-қосымша
«Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ
бастығы
(өтініш берушінің Т.А.Ә.)
мекен-жайы, телефоны:

Отініш

Сізден _____ жинақтаушы зейнетақы қорындағы (қордың атауы мұрагерлікке құқығы туралы қуәліктегі жазбаға сәйкес көрсетіледі) зейнетақы жинақтарын салымшы (Т.А.Ә.) _____ қайтыс болуына байланысты (қайтыс болуы туралы қуәліктің № _____, қуәліктің берілген күні) кәмелетке толмаған балаларының (Т.А.Ә.) _____ алудына рұқсат беруіңізді сұраймын.

Күні «__» ____ жыл __

Отініш берушінің қолы _____

«Зейнетақы қорларына, Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі Жол полициясы комитетінің
аумақтық бөлімшелеріне кәмелетке толмаған
балаларға мұраны ресімдеу үшін анықтамалар
беру» мемлекеттік қызмет регламентіне
6-қосымша

Әрбір ҚФЕ әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау

1-кесте. Білім бөлімі арқылы ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

№	Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) іс-әрекеттері						
1	Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3	4	5	
1	ҚФБ атавы	Білім лімінің бөлімінің жауапты маманы	Білім лімінің басшылығы	Білім лімінің жауапты орындаушысы	Білім лімінің басшылығы	Білім лімінің жауапты маманы	
2	Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атавы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдау және тіркеу	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қараяу	Анықтама немесе қызмет көрсету ден бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындау	Анықтама немесе қызмет көрсету ден бас тарту туралы дәлелді жауапты қараяу	Анықтама немесе қызмет көрсету ден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру	
3	Аяқтау үлгісі (деректер, құжаттардың тири, ұйымдастыруышылық-өкімдік шешім)	Келген құжаттарды анықтама не месе қызымет көрсетуден бас тарту турали дәлелді жауапты дайындауға тапсыру	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту турали дәлелді жауапты дайындауға тапсыру	Күжатқа кол қою		Анықтама немесе қызмет көрсету ден бас тарту туралы дәлелді жауапты тексеру және беру	
4	Орындау мерзімі	30 м и нуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні	1 жұмыс күні ішінде	30 м и нуттан артық емес	
5	Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4	5		

2 кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) әрекеттері			
Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3
ҚФБ атавы	ХҚКО - ны инспекторы	ХҚКО-ның жинақтаушы бөлімінің инспекторы	ХҚКО-ның жинақтаушы бөлімінің инспекторы

Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атаяу және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол кояды және құжаттарды жинайды	тізім құрады және құжаттарды жібереді
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйымдастыруышлық-өкімдік шешім)	Журналға тіркеу және қолхат беру	Жинақтау бөліміне құжаттар жинау	Құжаттарды білім бөліміне жіберу
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	Күніне 3 рет	Күніне 2 реттен кем емес
Келесі Iс-әрекет нөмірі	2	3	4

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) әрекеттері

Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	4	5	6
ҚФБ атаяу	Білім бөлімінің жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атаяу және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Құжаттармен танысу, орындау үшін жаупты орындаушыны белгілеу	Құжаттардың толықтығын тексеру, анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдеу
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйымдастыруышлық-өкімдік шешімі)	Тіркеу және бұрыштама салу үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама жазу, құжаттарды жауапты орындаушыға жіберу	Анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауап
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні
Келесі Iс-әрекет нөмірі	5	6	7

Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	7	8	9
ҚФБ атаяу	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты маманы	ХҚКО-ны инспекторы
Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атаяу және олардың сипаттамасы	Құжаттармен танысу	Анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу	Тұтынушиға анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушиға беру
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, ұйымдастыруышлық-өкімдік шешімі)	Құжаттарға қол қою	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ХҚКО-на тапсыру	Анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушиға беру
Орындау мерзімі	1 жұмыс күні ішінде	30 минуттан артық емес	30 минуттан артық емес
Келесі Iс-әрекет нөмірі	8	9	

Пайдалану нұсқалары. Негізгі процесс

ҚФБ 1-тобы ХҚКО-ны инспекторы	ҚФБ 2-тобы Білім бөлімінің жауапты маманы	ҚФБ 3-тобы Білім бөлімінің басшылығы	ҚФБ 4-тобы Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
№1 әрекет Құжаттарды қабылдау, қолхат беру, өтінішті	№ 2 әрекет		

тіркеу, құжаттарды білім бөліміне жіберу үшін ХҚКО-ң жинақтаушы бөліміне жолдау	ХҚКО немесе тұтынушыдан өтініштерді қабылдау, тіркеу, өтініштерді білім бөлімі басшылығына жіберу	№ 3 әрекет Бұрыштама жазу	№ 4 әрекет Құжаттарды қарау, анықтамаларды ресімдеу
		№ 5 әрекет. Құжаттарды қараң, анықтамаға қол қою	
	№ 6 әрекет Анықтаманы ХҚКО немесе тұтынушыға тапсыру		
№ 7 әрекет Анықтаманы тұтынушыға беру			

Пайдалану нұсқалары. Баламалы процесс


ҚФБ 1-тобы ХҚКО инспекторы	ҚФБ 2-тобы Білім бөлімінің жауапты маманы	ҚФБ 3-тобы Білім бөлімінің басшылығы	ҚФБ 4-тобы Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
№ 1 әрекет Құжаттарды қабылдау, колхат беру, өтінішті тіркеу, құжаттарды білім бөліміне жіберу үшін ХҚКО-ң жинақтаушы бөліміне жолдау	№ 2 әрекет ХҚКО-нан немесе тұтынушыдан өтініш қабылдау, өтінішті тіркеу, білім бөлімінің басшылығына жіберу	№ 3 әрекет Өтініштерді қарау, бұрыштама жазу	№ 4 әрекет Құжаттарды қарау, бас тарту туралы дәлелді жауапты ресімдеу
		№ 5 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауапқа қол қою	
	№ 6 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу және ХҚКО немесе тұтынушыға тапсыру		
№ 7 әрекет Бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру			

«Зейнетақы ішкі істер аумақтық балаларға беру» 7-қосымша қорларына, міністрлігі бөлімшелеріне мұраны мемлекеттік қызмет қазақстан Жол полициясы кәмелетке ресімдеу үшін Республикасы комитетінің толмаған анықтамалар регламентіне


Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекеттесуді

бейнелейтін сызбалар

1-сызба Қызмет тұтынушының білім бөліміне жүгінгендегі ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы



2-сызба. Қызмет тұтынушының ХҚКО жүгінгендегі ҚФБ іс-әрекеттерінің сипаттамасы



Қызылжар

2012

жылғы

ауданы

16

шілдедегі

әкімдігінің

№

300

қаулысымен бекітілді

«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен қамқоршылар органдарының анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар қолданылады:

1. Негізгі ұғымдар

1. Осы «Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен қамқоршылар органдарының анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет Регламентінде (бұдан әрі – Регламент) мынадай ұғымдар қолданылады:

- 1) білім белімі – «Қызылжар аудандық білім белімі» мемлекеттік мекемесі;
- 2) білім белімінің жауапты орындаушы – лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес міндеттер жүктелген «Қызылжар аудандық білім белімі» мемлекеттік мекемесінің маманы;

- 3) білім бөлімінің басшылығы – «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің басшылығы;
- 4) тұтынушы – жеке тұлға;
- 5) ХҚКО – Халыққа қызмет көрсету орталығы;
- 6) ХҚКО инспекторы – тұтынушының өтініші мен құжаттарын қабылдайтын Халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері;
- 7) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы – құжаттар жинауды және оларды білім бөліміне тапсыруды жүзеге асыратын халыққа қызмет көрсету орталығының қызметкері.

2. Жалпы ережелер

2. Осы Регламент «Әкімшілік ресімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңы 9-1 бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді.

3. Мемлекеттік қызмет «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесімен (бұдан әрі – білім бөлімі), сонымен қатар осы Регламенттің 1,2 қосымшаларына сәйкес тұтынушылардың мекенжайы бойынша Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорын филиалының Қызылжар аудандық бөлімі - тұрғылықты орны бойынша ХҚКО-мен арқылы көрсетіледі.

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрі: автоматтандырылмаған.

5. Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

6. Мемлекеттік қызмет Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-24-баптары, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 13-бабы 3-тармағы, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Кодексінің 66, 128-баптары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 ақпандағы № 140 қаулысымен бекітілген «Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен қамқоршылар органдарының анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет стандарты негізінде жүзеге асырылады .

7. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің аяқталу нәтижесі осы Регламенттің 3 қосымшасына сәйкес тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қамқорлық және қорғанышылық органдарының анықтама (бұдан әрі – анықтама) немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беруі болып табылады .

3. Мемлекеттік қызмет көрсетеу тәртібіне қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызмет көрсете мәселелері бойынша, сонымен қатар мемлекеттік қызмет көрсете барысы туралы толық ақпарат осы Регламенттің 1 және 2-қосымшасында көрсетілген мекен-жайлардағы білім бөлімі мен ХҚКО фойелерінде орналасқан стендтерінде, сондай-ақ білім бөлімінің kuzylzharroo@rambler.ru интернет–ресурсында орналастырылған.

9. ХҚКО және білім бөліміндегі мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі:

1) осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды тұтынушы тапсырған сәттен мемлекеттік қызмет көрсете мерзімі (құжаттарды қабылдау және тапсыру күндері мемлекеттік қызмет көрсете мерзіміне кірмейді)
5 жұмыс күнін құрайды.

2) өтініш беруші жүгінген күні орында көрсетілетін мемлекеттік қызметті алуға дейінгі күту уақыты 30 минуттан аспауы тиіс;

3) өтініш беруші жүгінген күні орында көрсетіletіn мемлекеттік қызметті алушыға қызмет көрсетудің шекті уақыты 30 минуттан аспауы тиіс.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуді тоқтату немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға негіз болып табылады:

1) білім бөліміне жүгінгенде – осы Регламенттің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін тұтынушы тарапынан ұсынылмауы;

2) ХҚКО-на жүгінгенде – білім бөліміне жүгінгенде осы Регламенттің 13-тармағында аталған құжаттар пакетін толық ұсынбаған жағдайда, құжаттар пакетін алған соң бір жұмыс күні ішінде оларды бас тарту себебінің жазба негіздемесімен ХҚКО-на қайтарады.

11. Тұтынушыға мемлекеттік қызмет алу үшін барлық қажетті құжаттарды тапсырғанда беріледі:

1) білім бөліміне жүгінгенде – тұтынушымен мемлекеттік қызмет алған күнінен тұратын барлық құжаттарды алғандығы туралы қолхат;

2) ХҚКО-на жүгінгенде – сәйкесінше құжаттар тапсырылғаны туралы қолхат:

1) сұрау салуды қабылдау нөмірі мен датасы;

2) сұралатын мемлекеттік қызмет түрі;

3) қоса берілген құжаттар саны мен атаулары;

4) құжаттарды беру датасы, уақыты және орны;

5) құжаттарды ресімдеуге өтінішті қабылдаған ХҚКО инспекторының тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген.

Білім бөліміне жүгінген сәтте тұтынушыға көрсетілген қызметтің нәтижесін жеткізу мына түрде жүзеге асырылады: тұтынушы жеке жүгінгенде ғана анықтама беріледі.

Егер тұтынушы құжаттарын алуға білім бөліміне мерзімінде жүгінбеген

жағдайда, қаралған құжаттар мен дайын анықтамалар екі ай бойы сақталады.

ХҚҚО-на жүгінгенде – анықтама, тұтынушы жеке жүгінгенде ғана беріледі.

12. Тұтынушыдан мемлекеттік қызмет алу үшін өтініш алған мерзімнен бастап көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижесін беруге дейінгі мемлекеттік қызмет

көрсетудің

кезеңдері:

білім бөлімі арқылы:

1) тұтынушы білім бөлімінің жауапты маманына анықтама беру жөнінде өтініш береді, білім бөлімінің жауапты маманы өтінішті тіркейді және мемлекеттік қызмет тұтынушыға құжатты алу датасынан тұратын мемлекеттік қызмет алу үшін барлық құжаттарды алғаны туралы қолхат береді және құжаттарды білім бөлімі басшылығына қарауға тапсырады;

2) білім бөлімінің басшылығы келіп түскен құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны белгілейді, бұрыштама салады және құжаттарды жауапты орындаушыға жібереді;

3) білім бөлімінің жауапты орындаушысы түскен құжаттарды қарап, тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қамқорлық және қорғаншылық органдарының анықтамасын немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты дайындайды, басшылыққа қол қою үшін жібереді;

4) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжаттарға қол қояды;

5) білім бөлімінің жауапты орындаушысы тұтынушыға анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және тұтынушыға береңдей .

ХҚҚО арқылы:

тұтынушы ХҚҚО-на анықтама алу үшін өтініш береді;

1) ХҚҚО-ң инспекторы өтінішті тіркейді, тұтынушыға сәйкесінше құжаттарды қабылдағаны туралы қолхат береді және құжаттарды ХҚҚО-ң жинақтаушы бөлімнің инспекторына тапсырады;

2) ХҚҚО-ң жинақтау бөлімнің инспекторы құжаттарды жинастырып, тізім құрады, құжаттарды білім бөліміне жібереді;

3) білім бөлімнің жауапты маманы келіп түскен құжаттарды тіркейді және оларды білім бөлімнің басшылығына қарауға тапсырады;

4) білім бөлімнің басшылығы келіп түскен құжаттармен танысады, жауапты орындаушыны белгілейді, бұрыштама жазады және құжаттарды білім бөлімнің жауапты орындаушысына жібереді;

5) білім бөлімнің жауапты орындаушысы анықтама алу үшін келіп түскен құжаттарды қарап, тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мұдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін

қамқорлық және қорғаншылық органдарына анықтама немесе бас тарту туралы дәлелді жауап дайындауды, оны қол қою үшін білім бөлімінің басшылығына жібереді;

6) білім бөлімі басшылығы анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты қарайды, құжаттарға қол қояды және жауапты орындаушыға тапсырады;

7) білім бөлімінің жауапты орындаушысы анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркейді және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ХҚКО-на жібереді;

8) ХҚКО инспекторы тұтынушыға анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді;

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде әрекеттер (өзара әрекеттесу) тәртібін сипаттау

13. Мемлекеттік қызметті алу үшін тұтынушыға білім бөліміне және ХҚКО мынадай құжаттарды тапсыру қажет:

1) осы Регламенттің 4, 5-қосымшаларына сәйкес кәмелетке толмаған балалар қамқоршыларының (қорғаншыларының), патронат тәрбиешілерінің өтініші;

2) тұтынушының жеке куәлігінің тұпнұсқасы мен көшірмесі;
3) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі;

4) пәтер құжаттарының тұпнұсқалары мен көшірмелері (келісімшарт, жылжымайтын мүлік құқықтарын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, пәтердің техникалық паспорты, тұрғылықты орны бойынша тіркелгенін растайтын құжат (мекен-жай анықтamasы немесе ауылдық және/немесе селолық округ әкімдерінің анықтамасы);

5) қамқоршылардың (қорғаншылардың), патронат тәрбиешілердің кепілді тұрғын үйді беру туралы нотариалдық расталған өтініші, банк алдындағы міндеттерін тиісінше орындамаған жағдайда кепілді тұрғын үйді беру туралы жақын туыстарының нотариалдық куәландырылған өтініші;

6) тұтынушының неке туралы куәлігінің тұпнұсқасы мен көшірмесі;

7) басқа да құжаттардың тұпнұсқалары мен көшірмелері (некені бұзу туралы, қайтыс болуы туралы куәлік, некеге тұрмағандығын растайтын құжат);

8) банктен кәмелетке толмаған балаға тиесілі тұрғын үйді кепілге қоюға рұқсат етуге анықтама беру туралы хат (кәмелетке толмағанға тиесілі тұрғын үйді кепілге қоюп, несие берген жағдайда).

Салыстыра тексеру үшін құжаттардың тұпнұсқалары көшірмелерімен қоса беріледі, олар кейін тұтынушыға қайтарылады.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне мынадай

құрылымдық-функционалдық бірліктер (бұдан әрі – ҚФБ) қатыстырылады:

- 1) ХҚКО инспекторы;
- 2) ХҚКО жинақтаушы бөлімінің инспекторы;
- 3) білім бөлімінің жауапты маманы;
- 4) білім бөлімінің жауапты орындаушысы;
- 5) білім бөлімінің басшылығы.

15. Әр ҚФБ әкімшілік әрекеттерінің (процедураларының) бірізділігі мен өзара әрекеттің мәтіндік кестелік сипаттау әр әкімшілік әрекеттің (процедураларының) орындалу мерзімін көрсетумен осы Регламенттің 6-қосымшасында келтірілген.

16. Мемлекеттік қызмет көрсету және ҚФБ процесіндегі әкімшілік әрекеттердің қисынды бірізділігі арасындағы өзара әрекетті көрсететін сыйба осы Регламенттің 7-қосымшасында келтірілген.

5. Мемлекеттік қызметті көрсететін лауазымды тұлғалардың жауапкершілігі

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысушылар (әрі қарай – лауазымды тұлғалар) білім бөлімі және ХҚКО-ң лауазымды тұлғалары мен басшылары мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты тұлға болып табылады.

Лауазымды тұлғалар мемлекеттік қызметті сапалы және тиімді көрсетуге, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртібінде белгіленген мерзімде мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға, мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы олармен қабылданатын шешімдерге және әрекеттерге (әрекетсіздік) жауап береді.

«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен қамқоршылар органдарының анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 1-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша білім бөлімі

Білім бөлімінің атауы	Занды мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
«Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі , 2	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы., Молодежный көшесі	Күн сайын сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-14.00, демалыс күндері – сенбі және жексенбі	8-(71538)-2-11-63

«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын мүдделерін

қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен
камқоршылар органдарының анықтамаларын беру»
мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша халыққа қызмет көрсету орталығы

p/c №	Халыққа қызмет көрсету орталығының атауы	З а н д ы мекен-жайы	Жұмыс кестесі	Байланыс телефоны
1	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша «Халыққа қызмет көрсету орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылжар аудандық филиалы	Солтүстік Қазақстан облысы, Қызылжар ауданы, Бескөл ауылы., Институт көшесі, 1в	Күн сайын түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 19.00 дейін, демалыс – жексенбі	8(71538)2-17-56

«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен камқоршылар органдарының анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 3-қосымша

«Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ

Қамқорлық және қорғанышылық органдары функцияларын жүзеге асыратын «Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 22-24-баптарына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 3-тармағына, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 128-бабына сәйкес,

_____ кәмелетке толмаған (дар) мүддесінде № _____
үй № _____ мекен-жайындағы пәтерді _____ рұқсат береді.

Қызылжар аудандық білім
бөлімінің бастығы
колы (Т.А.Ә.)

М.О.

«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен қамқоршылар органдарының анықтамаларын беру» мемлекеттік қызмет регламентіне 4-қосымша

«Қызылжар аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ерлі-зайыптылардан (Т.А.Ә., толық, қысқартусыз,

жеке басын куәландыратын құжат бойынша дәл)

мекен-жайында тұратын, телефоны

Өтініш

Сізден _____ мекен-жайында орналасқан пәтерді сатуға (айырбастауға немесе сыйға тартуға) рұқсат беруіңізді сұраймыз.
Балаларымыз:

1. _____
2. _____
3. _____

(балалардың Т.А.Ә., туған жылы, түү туралы куәліктің № көрсетіледі, 10 жастан асқан балалар қолдарын қояды, «келісемін» деген сөзді жазады)

Әкесі туралы мәліметтер _____

(Т.А.Ә., жеке куәліктің №, кім және қашан берді)

_____ қолы _____

Шешесі туралы мәліметтер _____

(Т.А.Ә., жеке куәліктің №, кім және қашан берді)

_____ қолы _____

Келешекте тұратын мекенжайы _____

«Келешекте балалар тұрғын үймен қамтамасыз етілетін болады» деген үзінді жазылады (өз қолымен)

Күні «__» ____ жыл Ерлі-зайыптылардың екеуінің қолдары _____

«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын кәмелетке толмаған балалардың мүдделерін қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен

қамқоршылар органдарының анықтамаларын беру»
мемлекеттік қызмет регламентіне
5-қосымша
«Қызылжар аудандық білім бөлімі» ММ
----- мекен-жайында тұратын, телефоны

ерлі-зайыптылардан (Т.А.Ә., толық, қысқартусыз,

жеке басын куәландыратын құжат бойынша дәл)

Өтініш

Сізден _____ мекен-жайында орналасқан
пәтерді _____ мөлшерде _____ мерзімге несие алу үшін
кеңілге қоюға рұқсат беруіңізді сұраймыз.

Балаларымыз:

1. _____
2. _____
3. _____

(балалардың Т.А.Ә., туған жылы, түү туралы куәліктің № көрсетіледі, 10 жастан
асқан балалар қолдарын қояды, «келисемін» деген сөзді жазады)

Әкесі туралы мәліметтер _____

(Т.А.Ә., жеке куәліктің №, кім және қашан берді)

_____ қолы _____

Шешесі туралы мәліметтер _____

(Т.А.Ә., жеке куәліктің №, кім және қашан берді)

_____ қолы _____

Тұрғын үйден айырылған жағдайда балалар

(қосымша алаңының мекенжайы немесе балаларды өзіне алуға келісептін жақын
туыстардың мекенжайлары көрсетіледі)

«кеleşекте балаларды тұрғын үйсіз қалдырмауға міндеттенеміз» деген үзінді өз
қолымен жазылады

Күні «___» жыл Ерлі-зайыптылардың екеуінің қолдары _____
«Тұрғын үйдің меншік иелері болып табылатын
кәмелетке толмаған балалардың мұddeлерін
қозғайтын мәмілелерді ресімдеу үшін қорғанышылар мен

Әрбір ҚФЕ әкімшілік әрекеттердің (шаралардың) бірізділігі мен өзара әрекеттерін мәтіндік кестелік сипаттау

1-кесте. Білім бөлімі арқылы ҚФБ іс-әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) іс-әрекеттері						
№	Іс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3	4	5
1	ҚФБ атауы	Білім бөлімінің жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім лімінің жауапты орындаушысы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты маманы
2	Іс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қабылдаудау тіркеу	Тұтынушы ұсынған құжаттарды қарауда	Анықтама немесе қызмет көрсету дең бас тарту туралы дәлелді жауап дайындау	Анықтама немесе қызмет көрсету дең бас тарту туралы дәлелді жауапты қарау	Анықтама немесе қызмет көрсету дең бас тарту туралы дәлелді жауапты тұтынушыға беру
3	Аяқтау үлгісі (деректер, құжаттар, ұйымдастыруышылық-өкімдік шешім)	Келген құжаттарды анықтама не месе қызымет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындауға тапсыру	Анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап дайындауға тапсыру	Күжатқа қол қаруада	Анықтама немесе қызмет көрсету дең бас тарту туралы дәлелді жауапты тексеру және беру	
4	Орындау мерзімі	30 ми нуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні	1 жұмыс күні ішінде	30 ми нуттан артық емес
5	Келесі іс-әрекет нөмірі	2	3	4	5	

2 кесте. ХҚКО арқылы ҚФБ әрекеттерін сипаттау

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) әрекеттері

Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	1	2	3
ҚФБ атауы	ХҚКО-ң инспекторы	ХҚКО-ң жинақтаушы бөлімінің инспекторы	ХҚКО-ң жинақтаушы бөлімінің инспекторы
Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау	Журналға қол кояды және құжаттарды жинайды	тізім құрады және құжаттарды жібереді
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, үйымдастыруышлық-әкімдік шешім)	Журналға тіркеу және қолхат беру	Жинақтау бөліміне құжаттар жинау	Құжаттарды білім бөліміне жіберу
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	Күніне 3 рет	Күніне 2 реттен кем емес
Келесі Iс-әрекет нөмірі	2	3	4

Негізгі процесс (жұмыс барысы, ағымы) әрекеттері

Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	4	5	6
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің жауапты маманы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты орындаушысы
Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау, тіркеу	Құжаттармен танысу, орындау үшін жаупты орындаушыны белгілеу	Құжаттардың толықтығын тексеру, анықтама немесе қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауапты рәсімдеу
Аяқтау үлгісі (деректер, құжат, үйымдастыруышлық-әкімдік шешімі)	Тіркеу және бұрыштама салу үшін құжаттарды басшылыққа жолдау	Бұрыштама жазу, құжаттарды жауапты орындаушыға жіберу	Анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауап
Орындау мерзімі	30 минуттан артық емес	1 сағат	4 жұмыс күні
Келесі Iс-әрекет нөмірі	5	6	7

Iс-әрекет (жұмыс барысы, ағымы) №	7	8	9
ҚФБ атауы	Білім бөлімінің басшылығы	Білім бөлімінің жауапты маманы	ХҚКО-ң инспекторы
Iс-әрекет (процесс, рәсім, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттармен танысу	Анықтаманы немесе бас тарту туралы дәлелді жауапты тіркеу	Тұтынушыға анықтаманы немесе қызмет көрсетуден бас тартуды беру
